

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын теріні илеу, мүйіз-тұяқ, ішек-қарын, бағалы аң терісі, қой терісі және елтірі шикізаты, жүн мен ешкі түбіті, қылшық, аттың қылы, тауықтардың, үйректердің, қаздардың және басқа да құстардың қауырсыны мен мамығына арналған ветеринариялық сертификат нысанына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 238 шешімі

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 17-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 19-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын тері-терсек, мүйіз-тұяқ, ішек-қарын, бағалы аң терісі, қой терісі және елтірі шикізаты, жүн мен ешкі түбіті, қылшық, аттың қылы, тауықтардың, үйректердің, қаздардың және басқа да құстардың қауырсыны мен мамығына арналған ветеринариялық сертификат нысанына (№ 32 нысан) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 4.1-тармақшаның бірінші абзацында "және тиісті жануарлардың жұқпалы ауруларынан таза кәсіпорындарда (шаруашылықтарда) және әкімшілік аумақтарда өндірілген" деген сөздер ", тиісті жануарлардың (құстардың) жұқпалы аурулардан ресми түрде таза шаруашылықтардан алынған және оларға қатысты ветеринариялық-санитариялық шектеулер белгіленбеген кәсіпорындарда өндірілген. Көрсетілген шикізат жануарлардың (құстардың) ауруға шалдыққыш түрлерінің жұқпалы ауруларынан таза шаруашылықтардан алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 4.2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2. Былғары және қой терісінің шикізаты қасапханадан алынған және сояр алдында ветеринариялық тексеруден өткен жануарлардан алынған шикізат, ал ұшалары мен ішкі органдары сойылғаннан кейін ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өткізілген және шектеулерсіз өткізуге рұқсат етілген болып табылады.";

в) 4.4-тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Құрастырмалы елтірі және мамық жүнді шикізат сібір жарасына (түйнемеге) тексеруден өткен.";

г) 4.5-тармақшада "халықаралық талаптарға" деген сөздер "экспорттаушы елдің талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне сәйкес әзірленіп, осы Шешім күшіне енгенге дейін шығарылған ветеринариялық сертификаттар 2020 жылғы 1 желтоқсанға дейін пайдаланылады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК